

Атырау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 280 "Атырау облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 10 қазандағы № 196 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 12 қазанда № 5092-06 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 6 қарашадағы № 243 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 06.11.2025 № 243 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Атырау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Атырау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 280 "Атырау облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25817 болып тіркелген) келесі өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

Атырау облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесінде:

1) реттік нөмірі 47-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

"

47	"Теңіз" оқшау су құбыры
----	-------------------------

";

2) келесі мазмұндағы 28-1, 28-2, 50-1, 50-2, 50-3, 50-4, 50-5, 50-6, 60-1, 60-2-жолдармен толықтырылсын:

"

28-1	"Қызылүй" оқшау су құбыры
28-2	"Жасқайрат" оқшау су құбыры
50-1	"Ғизат Әліпов" оқшау су құбыры
50-2	"Асан" оқшау су құбыры
50-3	"Ұштаған" оқшау су құбыры
50-4	"рзд.Афанасьев" оқшау су құбыры
50-5	"Хиуаз" оқшау су құбыры
50-6	"Шағырлы" оқшау су құбыры
60-1	"Жалғансай" оқшау су құбыры

"

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Атырау облысының әкімі

С. Шапкенов